

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ



Жансұлтан ТАУКЕНОВ
Амангелді ауданының әкімі

Құрметті аудан тұрғындары!
Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты биылғы Жолдауында: «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз.

Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз», - деп атап көрсеткендей, біз еліміздің тұтастығы мен тұрақтылығының, дамып, гүлденуінің басты кепілі болып табылатын халықтар достығын әрдайым мақтан етеміз.

Биылғы 2015 жыл – Елбасы Жарлығымен Ассамблея Жылы деп жарияланғаны баршаңызға белгілі. Қазақстан халқы Ассамблеясы – бейбітшілік пен келісімнің, қасиетті Отанымызда өмір сүріп жатқан барлық этностар достығының ең басты және берік іргетасы.

Баршаңызды Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен құттықтай отырып, Сіздерге шынайы көңілмен баянды бақыт, ашық аспан, еңбектеріңізге мол табыс, отбасыларыңызға аманшылық пен шаттық тілеймін!

Еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, қашанда ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін!



Қазақстан Президенті сайлауы - 2015: нәтиже жоғары

ЕЛБАСЫ ЖЕҢІСІ - ЕЛДІГІМІЗДІҢ ЖЕҢІСІ, БІРЛІГІМІЗДІҢ ЖЕМІСІ

2015 жыл. 26 сәуір. Таңғы сағат 5. Ұлттық музыка ойнап тұр. Оның жігерлі үні шартарапқа естілуде. Аудан орталығындағы барлық сайлау учаскелерінің маңында сайлаушылар жүр. № 227 сайлау учаскесінің жанынан Гүлмира Шегенбаева, Айгүл Омарова сынды село тұрғындарын кездестірдік. Екеуі де көңілді.

- Учаскелер жұмысы сағат 6-да басталады ғой, ерте келіпсіздер ғой? - дедік.

- Сайлау - үлкен мереке емес пе?! Қуанғаннан түнімен ұйқымыз келмеді. Содан екеуіміз қол ұстасып, сайлау учаскесіне келдік. Үйімізден күткен не, учаске басында күткен не - бәрі бір емес пе?! Қайта осы жерде күткеніміз жақсы ғой, - дейді Гүлмира мен Айгүл.

Село тұрғындары Берік Нұғманов, Әлімгерей Байдақұлы, Александр Пономаренколарды да осы жерден кездестірдік. Олар да қуанышты екен. Өзара әңгімелесіп тұр.

№228 сайлау учаскесіне келгенімізде сағат таңғы 6-ға 10 минут бар еді. Бұл учаскеге алғашқы болып келгендер зейнеткер Қуаныш Исмағұлов пен аудан сот орындаушылардың басшысы Елжас Сүлейменов болды. Елжастың қасында 4 жасар ұлы жүр.



Таңғы сағат 6-да сайлау учаскесі ашылып, бәріміз ішке ендік. Комиссия мүшелері де көңілді. Алғашқы келгендерді жылы жүзбен қарсы алып, орындықтарға жайғастыруда. Өне-міне дегенше уақыт сырғый берді...

Біз қайтадан №228 сайлау учаскесіне келдік. Таңғы сағат 7-ге 15 минут қалғанда аудан әкімі Жансұлтан Таукенов зайыбы Нұрбану Ма-



леловамен келді. Жиналған жұртшылықпен кездесіп, оларды еліміздің өміріндегі айтулы оқиғамен құттықтады. Сағат тура 7-де дауыс беру басталды. Бірінші болып жоғарыда аттары аталған Г.Шегенбаева, А.Омарова, Ә.Байдақұлы, Б.Нұғманов, А.Пономаренколар және аудан әкімі Ж.Таукенов, Н.Мальцевалар дауыс берді. Осылайша қуанышпен

басталған дауыс беру ауданның барлық учаскесінде қызу басталып кетті. Адамдар лек-легімен өздері дауыс беретін учаскелерге қарай ағылуда. Ал тынық ауада музыканың үні тамылжып тұр. Жаңа шыққан күн де жарқырап нұрын төгуде. Ауада үп еткен жел жоқ. Кеше ғана үдей сокқан жел бүгін сап тиылған.

(Жалғасы 2-бетте)

Суреттерде: зейнеткер, еңбек ардагері Қуаныш Исмағұлов пен жұмысшы Александр Пономаренколар сайлау күні өздері тандаған үміткерге бірінші болып дауыс беріп тұр.

Суреттерді түсірген автор.

Қазақстан Президенті сайлауы - 2015: жоғары нәтиже

ЕЛБАСЫ ЖЕҢІСІ - ЕЛДІГІМІЗДІҢ ЖЕҢІСІ,
БІРЛІГІМІЗДІҢ ЖЕМІСІ

(Соңы. Басы 1-бетте)


P.S. Аудан сайлаушыларының дауыс беруін сағат сайын біліп, бақылап отырдық. Дауыс беру аудан бойынша сағат 4.30 кезінде 95,6 пайыз болды. Бұл - облыс бойынша ең жоғары көрсеткіш болды. Облыстық әкімдіктің сайтына және «Қостанай таңы» газетінің сайтына дауыс берудің барысын жариялап және оны жіті қадағалап отырдық.

Сағат 20-да аудандық сайлау комиссиясына келгенімізде комиссия төрайымы Айнұр Ибраева аудан бойынша дауыс беру аяқталғанын, нәтиже жоғары болғанын мәлімдеді.

Сонымен, аудан сайлаушыларының Н.Н.А.З.А.Р.Б.А.Е.В.Қ.А. - 99,8 пайызы, Тұрғын СЫЗДЫҚОВҚА - 37 адам, Әбілғазы ҚҰСАЙЫНОВҚА - 13 адам дауыс берген. Осылайша, Аманкелді ауданының халқы өздерінің лайықты таңдауын жасап, Елбасымызға республикамыз бойынша ең жоғары дайыстың бірін берді.

Қ.ҚУАНДЫҚҰЛЫ

Суретте: «Шұғыла» жастар демалыс орталығында орналасқан сайлау учаскесіне таңғы сағат 5-те бірінші болып келіп, 2 сағат күтіп, сағат 7-де алғашқы болып дауыс берушілердің бір тобы: (солдан оңға қарай) Гүлмира Шегенбаева, Айгүл Омарова, Әлімгерей Байдақұлы.



БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Ауданымызда кезектен тыс президенттік сайлау өткізуде президенттікке үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдау қоғамдық штабы құрылып, бір ай бойы түрлі кездесулер, акция мен форумдар өткізді. Осы атқарылған іс-шараларға Аманкелді атындағы орта мектептің жас ұстаздар қауымы белсенділік көрсетті. Олар Елбасы туралы жазылған ақындардың өлеңдерін оқып, ән шырқады. Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдау жөніндегі аудандық қоғамдық штабтың төрағасы Абзал Ташимов, жас ұстаздарды қоғамдық жұмысқа жұмылдырып, акциялар мен форумдардың жоғары деңгейде өтуіне ықпал жасаған аталмыш мектептің директоры Төлеутай Құсайыноваға және мектеп ұжымына алғысын білдірді.

Г.С.МАЙЫЛОВА,
өз тілшім.



Суретте: Аманкелді орта мектебінің жас ұстаздары форум барысында.

Аудан жаңалықтары

БЕЛГІЛІ ӘНШІНІҢ КОНЦЕРТІ

Жақында аудандық Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінде Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, облыс меценаттары «Қазына» сыйлығының лауреаты, Арқалық театрының директоры, белгілі әнші Отаркүл Мұқатованың «Айдынкөлдін еркесі» атты шығармашылық ән кеші болып өтті. Саналы ғұмырын өнер мен мәдениетке арнап, әншілік дарынымен елімізге кеңінен танылған Отаркүл Оразбайқызы өзінің ән кешінде көптеген халық әндері мен Ә.Есбаев, Ш.Қалдаяқов, Ә.Бейсеуов, Е.Хасанғалиев секілді композиторлардың әсем әндерін нақышына келтіре шырқады. Аудан жұртшылығы белгілі әншінің өнеріне тәнті болып, алғыстарын білдірді.

Кеш соңында аудан әкімінің орынбасары С.Хайруллин әнші О.Мұқатоваға Аманкелді халқы атынан рахмет айтып, аудан әкімінің Алғыс хатын табыс етті.

ҰЛТ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына және 1 мамыр – Бірлік күніне орай Б.Қолдасбаев атындағы орта мектеп оқушылары ауданда тұратын 21 ұлт өкілдерімен

кездесті. Кездесуді мектеп директоры А.Айтмағанбетов ашып, еліміздегі халықтар достығының мәні мен маңызына кеңінен тоқталды. Сондай-ақ, ауданымыздағы ұлттар достығы туралы да әңгімеледі.

Кездесуде орыс ұлтының өкілдері Валентин Красиков, Елена Сейдахметова, кәріс ұлтының өкілі Александр Ким, дүнген ұлт өкілі Абдрасул Бебезовтер мектеп оқушыларына өз ұлттарының тарихы мен салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы әңгімелеп берді. Сондай-ақ оқушылардың өздеріне қойған сұрақтарына жауап қайтарды. Олар жалпы Қазақстандағы және Аманкелді ауданындағы ұлттар достығы мен бірлігінің жоғары деңгейде екендігіне өздерінің сүйіспеншіліктерін білдірді. Қазақ халқына деген алғыстарын ақтарыла жеткізді. Атап айтқанда, кездесуге қатысқан бұл кісілер қазақтармен құдандылы туыс болып кеткен. Мысалы В.Красиковтың балалары мен немерелері қазақшаны жетік біледі. Мектепте қазақша оқуда. Сол сияқты, орыс қызы Елена Сейдахметова қазақ келіні. Ол мұнда келгенде бірауыз қазақша сөз білмейтін. Қазір қазақша сөйлегенде қазақтардың өзін жаңылдырады. Ал Абдрасул Бебезовты Аманкелді жұрты өте жақсы біледі. Ол да, оның отбасы да қазақтармен бауыр болып кеткен.

Кездесу оқушыларға үлкен ой салды. Олар ауданда тұратын ұлттардың достығы мен сыйластығына ризалықтарын білдірді.

Кеш соңында мектеп директоры кездесуге келген барша ұлт өкілдеріне алғыс айтып, осы басқосудан естілік ретінде сый-сияпат жасады.



АРДАҚТЫ АНТОН АТА

Бала кезімде біздің үйге орыстар көп келетін. Үлкен кигіз үйдің бір жағында солар жайғасатын. Колхоз төрағасы әкеме «Сен орысша білесің, басқалар олармен орысша сөйлесе алмайды. Сондықтан олар сенің үйіңде болсын» деп оларды біздің шанырақта қалдыратын.

Ол кезде орысты көрсе қазақ қарадай үрейленетін, жоламайтын. Анам марқұм әкеме: «Осыларды қайдан үйір қылдың? Басқа үйлерге неге бармайды?» деп өзінің назын білдіретін. Сонда әкем марқұм: «Бәйбіше, ренжіме. Бұлар да адам баласы ғой. Біздің үйде көп болмас. Қоғалықөлдегі ескі үйлерді жөндеп, соған кірмек бұлар. Бірер апта шыдасақ, олар сонда барады ғой» дейтін.

Тағы бірде біздің үйге тың игеруге келген Винарчук деген сакалы қауғадай орыс бастаған бір топ қайманалар тағы келді. Әкей олармен де тіл табысып, араласып кетті. Әсіресе Винарчук шал он саусағынан өнер тамған кісі екен. Әкеме бұл өңірде жоқ әдемі ат шана істеп берді. Әкем оған он сом ақша ұсынып еді, алмады. «Біз дос емеспіз бе? Маған ақша емес, адам дос» деді. Содан Винарчук әкей екеуі аңға да, балыққа да бірге барып жүрді. Кейін ол кісілер «Коммунизм жолы» совхозының егініне кетті. Арада оншақты күн өткенде үйге тағы бір орыс келді. Түрі орыс болғанымен ол кісі қазақтан бетер екен. Сайрап тұр.

- Е. Антон дос, келдің бе? - деді әкем.

- Ия, келдім. Аунап-қунап қайтпақпын, - деді.

Сөйтсе бұл Антон Пареев деген кісі екен. Торғайдың орысы екен. Бертінде Торғайдан Аманкелдіге келіп, мал дәрігері болыпты. Қазақтардың мал шаруашылығын өркендетуіне көп жәрдемін жасапты. Антон пішкен қозы-лақ, айғыр мен бұқа ешқандай ауырмай, тез жазылып кететін. Содан ба, жұрттың бәрі көктем туа біздің әкейге: «Сен ауданға барып, Антон досыңды алып кел, малдарымызды піштіріп алайық» - дейтін.

Антон атай сөз айтпастан әкеммен бірге келіп, ауылдың барлық қозы-лағын, айғыр-бұқаларын пішіп беретін. Ерінбейтін, жиренбейтін. Жымыып күліп қана тұратын.

Кейін ер жеткенде Антон шалдың балаларын аудан орталығынан көрдім. Кенжесі Александрмен араластықта болдым. Ал үлкені Юрий болса - аудан жастарына автомектепте сабақ берді. Қолынан келген бар көмегін жасады.

Антон ата көп сөйлемейтін. Есесіне өзгелерді көп тыңдайтын. Шағын денелі, қағылез, мінезі жұмсақ кісі болатын. Оның қазақ тілін меңгеріп алуына балалық шағының Торғай қаласында өтуі себеп болған. Аяғын апыл-тапыл басқанынан бастап қазақ балаларымен бірге ойнап өскен. Сондықтан да қазақ тілін өзінің ана тіліндей меңгеріп алған. Шешіліп кеткенде, мақалдап сөйлегенде жұрт басын шайқап, қайран қалатын.

Оның балалары Юрий мен Александр да қазақ тілін жетік білді. Орысша оқыса да қазақ тілін қазақтардан кем білген жоқ. Олардың достарының көбі қазақтар болды.

Нарықтың алғашқы жылдарында өзге ұлт өкілдері жан-жаққа қоныс аударып жатты. Сол кезде Юрий мен Александр да алғашқы лекпен қоныс аударды. Алайда олардың кіндік қандары тамған Аманкелді жерінен, Аманкелді елінен қоштасып кетуі оңай болған жоқ. Қайта-қайта Жалдаманың өзеніне және Гордей талына қарап, күрсінгендерінде көздерінен жастары моншақтады. Көңілдері босап, ойларына әке-шешелері түскені анық. Олардың ата-аналары Аманкелді топырағында жатыр. Антон атай ұзақ жасап, қартайып қайтты. Анда-санда үйіне барғанда балаларына:

- Сендер қазақтармен бірге болыңдар. Осы жерде туып, оларға бауыр басып кеттіңдер. Сендердің ішкі Ресейге барып, қоныстануларың оңай болғанмен, ол жақта тұруларың қиын болмақ. Сендер қанша дегенмен Қазақстанның, оның ішінде Торғайдың орыстарысыңдар. Ресейдегі орыстардың салт-дәстүрлерін жетік білмейсіңдер. Осы жерде өсіп, өніңдер, - деп отыратын.

Қазіргі күні ойғы көшемен бара жатқанда ойыма Антон атай, оның балалары Юрий мен Александрдың бейнелері оралады. Юрий мен Александр қазір Қостанай жағында деп естимін. Бірақ көптен бері олардан хабар жоқ. Тұрмыстары қалай екен деп алаңдаймын. Қайда жүрсе де аман жүруін тілеймін. Өйткені олар біздің Аманкелді елін ардақтаған Антон атамның балалары ғой.

Сырым СЫҒАЙ

ҰШ ҰРПАҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ
КЕЗДЕСУІ

Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне және 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептің мұражайында жасұландықтармен «Ұш ұрпақ өкілдерінің кездесуі» атты кездесу кеші өткізілді.

Бұл кездесуде соғыс және еңбек ардагері ардагері Ертай ата Мұқанов, және Ұлы Отан соғысында хабарсыз кетіп, 64 жылдан кейін мүрдесі табылған жауынгер Искендір Нұржановтың жалғыз ұлы Мираш Нұржанов, Ауған соғысының ардагері Искендірбек Нұрқанов қатысып, сұрапыл соғыс туралы естелік әңгілерімен бөлісті. Өздерінің бастарынан кешкен әралуан оқиғаларды қызықты етіп баяндап берді. Мысалы, Ертай ата Ұлы Отан соғысындағы өзінің барлаушылығы туралы айтса, сол соғысты көрмеген Мираш ата әкесін қалай іздеп, тапқаны туралы әңгіме өрбітті. Ал Искендірбек аға өзі қатысқан Ауған соғысының қатпарлы тарихы туралы тың деректермен бөлісті. Оқушылар олардың әңгімелерін құмарта тыңдады.

Кездесуді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі М.Әбдіков қортындылап, жасұландықтар мен қонақтарға сыйлықтар тапсырып, естелік суреттерге түсті.

Өз тілшілеріміз.

МАЙДАНГЕРЛЕР — ҚАҒАРМАН ҚАЙРАН ЕРЛЕР, ЕСІМДЕРІҢ ҒАСЫРДАН-ҒАСЫРҒА ӨРЛЕР!

Әубәкір БАЙМАҒАНБЕТОВ – 1895 жылы Мұқыр ауылында туған. 1942 жылы әскерге шақырылып, Отан соғысына қатысқан. 1945 жылдың мамырында елге жеңіспен оралған. Көп жылдар мал бағып, зейнеткерлікке шыққан.

Мұса ОМАРОВ – 1898 жылы қазіргі Үрпек аудандық округіндегі Шыңсай ауылында туған. 1942 жылы әскерге шақырылып, соғыс аяқталғанша жаумен шайқасқан. 1945 жылдың 9 мамырын Германияда қарсы алған. I дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Қуандық МҰСАБАЕВ - 1899 жылы Торғай уезі, Қызылжыңғыл болысында туған. Қараторғай болыстық 4 сыныпты қазақ-орыс мектебін бітіріп, мұғалім болған. Әскерге 1942 жылы алынып, Ленинград майданында соғысқа қатысады. 1943 жылы жараланып, елге келгесін бригадир болған, кейін мал баққан. Қызыл Жұлдыз орденімен, медальдармен марапатталған.

Махмұт БАТЫРБОЛАТОВ – 1900 жылы Ұзынқоғанда туған. Соғысқа дейін колхозда жұмыс істеген. 1941 жылы сыңары Мұханбетжанмен бірге соғысқа алынған. Кенигсберг, Кельн қалаларын азат ету соғыстарына қатынасаң. Елге 1945 жылы оралып, қызмет жасаған.

Мұханбетжан БАТЫРБОЛАТОВ – 1900 жылы Ұзынқоғанда туған. Соғысқа дейін колхозда ферма менгерушісі болып жұмыс істеген. 1941 жылы әскерге шақырылып, соғысқа алынған. Елге соғысты аяқтап барып, 1946 жылы оралған. Ауыл шаруашылығы саласында қызмет істеген.

Жұмабек БАЙМАҒАНБЕТОВ - 1901 жылы Амантоғайда туған. Әскер қатарына 1940 жылы шақырылған. Отан соғысына қатысқан. Сталинград үшін соғыста жаралы болып, елге оралған. мал баққан, бірнеше медальдармен марапатталған.

Қазыхан ДӨСЕКОВ – 1901 жылы Құмкешу ауылында туған. 1942 жылы маусым айында әскерге шақырылған. Қызыл Жұлдыз орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Ленинградты қорғауға қатысқан. Елге 1945 жылы келіп, аудан мекемелерінде әртүрлі жұмыс істеген.

Әмірғазы ӘМІРЖАНОВ – 1903 жылы Қараторғай болысы Доғалда туған. 1941 жылы қазанда әскерге шақырылып, 1942 жылы Сталинград майданында ұрысқа қатысқан. Ауыр жарақат алып, 1943 жылы елге оралады. Бірнеше медальдардың иегері, бейбіт өмірде «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.








Онай БОЗБАЕВ - 1903 жылы Жермола деген жерде дүниеге келген. 1942 жылдың 15 ақпанда әскер қатарына шақырылады. Сталинград үшін болған ұрыста 196-атты әскер полкінің құрамында жаумен шайқасады. 1944 жылы елге оралады. Қызыл Жұлдыз орденімен, жеңіс медальдарымен марапатталды.

Мүсілім ДОСМАҒАНБЕТОВ – 1903 жылы Қараторғай болысында туған. Атасы қажы болған, өзі жұмысшы болған. 1942 жылы әскерге алынып, I Украина майданында соғысқа қатысқан. Елге 1944 жылы оралып, шопан болған.

Ерғазы ЕЩАНОВ - 1903 жылы Батпаққарада туған. Соғысқа 1942-1944 жылдар арасында қатысқан. Соғыстан кейін Аманкелді, Торғай, Семиозер, Жігітқара аудандарында еңбек еткен.

Әбсамат ЖҮЗЖАСАРОВ – 1905 жылы Қайдауыл болысы, Бектұр копасында туған. 1928 жылы Шымкент облысы, Пахтарал ауданының Маяк колхозына барып орналасқан. 1939 жылы әскер қатарына алынған. Фин және Отан соғысына қатысқан. Жеңісті 1945 жылы 9 майда Берлинде қарсы алды. Одан соң Жапон соғысына қатысқан. 1961 жылы туған жер Аманкелді ауданына оралды.

Қанен ҚОРЖЫНОВ – 1906 жылы Қарасу ауылында туған. Әскерге 1942 жылы шақырылып, Великие Луки қаласы түбінде алғашқы соғысқа қатысқан. Украина, Чехославакия, Польшаны азат етуге қатысқан. 1944 жылы ауыр жараланып, елге оралған. I дәрежелі Отан соғысы орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.



Бәйділдә КӨПЖАНОВ – 1906 жылы Қайдауыл болысындағы Терісбұтақта (қазіргі Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Байқоныр селолық округі) дүниеге келген. 1935-1942 жылдар аралығында Сарыторғай серіктестігінде мал баққан. 1942 жылы әскерге алынып, Сталинград түбінде соғысқа қатысқан. 1944 жылы жараланып, елге оралған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

Дәуітбай СЕЙТҚАЗИН – 1906 жылы Ақсай ауылында туған. Ақсай серіктестігінде жұмыс істеген. Әскерге 1942 жылы шақырылып, Ленинград майданында соғысқа қатысқан. Елге 1946 жылы оралған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

Бекмағанбет ОРАЗАЛИН - 1908 жылы Қостанай уезі, Қараоба ауылында туған. Соғыстан 1946 жылы оралған. 1953 жылы Затабол аудандық атқару комитетінің төрағасы болып сайланған. 1955 жылы Аманкелді аудандық ауаткомының орынбасары, инспекция бастығы, малбордақылау совхозының директоры қызметтерін атқарған.

Есімсейт СЕЙТҚОЖИН – 1909 жылы Сартал ауылында туған. Қошқар батырдың ұрпағы. Әскерге 1940 жылы шақырылып, қатардағы жауынгер болған. 1943 жылы Ленинград майданында ауыр жараланып, елге оралған. Колхоз, ферма басқарған.

Құлмағанбет ИБРАЕВ - 1910 жылы Қайдауыл болысында туған. Соғысқа 1942 жылы қатысқан. Бірнеше медальдардың иегері.

Кенжебек ШЫҒАНБАЕВ – 1911 жылы Кеншабында туған. 1941 жылы әскер қатарына шақырылып, 1942 жылы Дарница қаласы үшін ұрысқа қатысқан. 1944 жылдың қыркүйек айында ауыр жараланып, екі аяғынан айырылып, елге мүгедек болып оралады. Колхозда қызмет атқарды.

Мұса ОРАЗБАЕВ – 1912 жылы Мұқыр елді мекенінде дүниеге келген. 1941 жылы әскерге шақырылып, Ленинград майданында соғысқа қатысқан. Ерлігі үшін медалімен, I дәрежелі Отан соғысы орденімен және басқа да медальдармен марапатталған.

Балкен ЕРШИН – 1912 жылы Қарасу ауылында туған. 1943-45 жылдар аралығында неміс концлагерінде тұтқында болған. Тиісті органдардың тексеруінен кейін 1947 жылы елге оралған. Малшы болып жұмыс істеген.

Сәду БЕКИН – 1914 жылы 9 мамырда Үрпек ауылында туған. Аудандық прокуратурада хатшы болып қызмет істеген. 1941 жылдың шілде айында Сталинград шайқасына қатысқан. II дәрежелі Отан соғысы орденімен, 4 медалмен марапатталған. 1943 жылы ауыр жараланып, елге оралған. Колхозда парторг, басқарма болған, аудандық атқару комитетінде экономист болып қызмет істеген. Бірнеше медальдармен марапатталған.

Баймұхан НҰРМАҒАНБЕТОВ – 1914 жылы 10 қыркүйекте Екідінде туған. 1932 жылы Пешков ауданына көшіп барып, комбайншы болған. 1941 жылы әскерге шақырылып, соғысқа қатысқан. 1944 жылы ауыр жараланып, елге оралған. 40 жылға тақау уақыт мал бордақылау мекемесінде, аудандық ауыл шаруашылығы кәсіподағы мекемесінде бухгалтер болған.

Сейдағазы СЕЙТҚОЖИН – 1914 жылы қабырға ауылында туған. Қошқар батырдың ұрпағы. 1942 жылы ақпан айында әскер қатарына шақырылып, қатардағы жауынгер болған. 1942 жылы қазан айында ауыр жараланып, елге оралған. Жауынгерлік 4 медальмен марапатталған. Крупская атындағы совхозда еңбек еткен.

Рақымжан ИБРАЕВ – 1914 жылы туған. 1940 жылы әскер қатарына шақырылып, 140 арн. АБ құрамында қызмет еткен. Фин соғысына қатысқан. Ленинград майданында, Балтық жағалауындағы елді мекендерді азат ету ұрыстарына қатысқан. Ұлы Отан соғысы, Құрмет белгісі орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Жұқағай ДОСАНОВ – 1915 жылы Үштоғай ауылында туған. Үштоғай серіктестігінде жұмыс істеген. 1941 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылған. Украина, Молдавия жерін азат етуге қатысқан. 1943 жылы ерлік көрсетті. Сол үшін жауынгерлік ерлігі үшін медалмен марапатталған. Елге 1945 жылы оралды. Үштоғай, Чкалов колхоздарында, кейін Коммунизм жолы совхозында бас бухгалтер болған.

Суреттерде: (солдан оңға қарай) Бірінші қатарда: Әубәкір Баймағанбетов, Мұса Омаров, Қуандық Мұсабаев, Махмұт Батырболатов. Екінші қатарда: Мұханбетжан Батырболатов, Жұмабек Баймағанбетов, Қазыхан Дөсекөв, Әмірғазы Әміржанов. Үшінші қатарда: Мүсілім Досмағанбетов, Ерғазы Ешанов, Әбсамат Жүзжасаров, Қанен Қоржынов. Төртінші қатарда: Бәйділдә Көпжанов, Дәуітбай Сейтқазин, Есімсейт Сейтқожин, Құлмағанбет Ибраев. Бесінші қатарда: Кенжебек Шығанбаев, Мұса Оразбаев, Балкен Ершин, Сәду Бекин. Алтыншы қатарда: Баймұхан Нұрмағанбетов, Сабыршын Сейтқожин, Рақымжан Ибраев, Жұқағай Досанов.

ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫ - ҰЛЫ ҚАЗЫНА



көрмесем, зиян көріп жүрген жоқпын.

Қазақ халқы «Бірліксіз тірлік жоқ» дейді. «Бірліксіз елден без» дейді. Бұл сөздер өмірден алынған аталы сөздер. Сондықтан да мен осы мақалдарды әбден үйреніп алдым. Мектепте қазақ достарым да, орыс достарым да, украин, беларусь, корей, татар, башқұрт, неміс достарым да жетіп жатыр. Біз бір-бірімізді қатты құрметтейміз. Мұны бізге үйде ата-аналарымыз, мектепте ұстаздарымыз үнемі айтып отырады. Олардың ақылын жүрегімізге тоқып алғанбыз.

Қазақстан халқының бірлік



Біз бақытты баламыз. Бейбіт заманда өмірге келіп, тыныштықта бақытты ғұмыр сүріп жатырмыз. Негізінде менің ұлтым - грузин. Әкем Валерий Пилеев аудан орталығы - Аманкелді селосындағы округте жұмыс жасайды. Ондағылар әкемді ылғи мақтап отырады. Өзіне тапсырылған жұмысты нәтижелі орындайды. «Ешкімде шаруасы жоқ, істеген ісін біледі, кемшілік жібермейді» - дейді.

Мен олардың осы сөзіне қатты қуанамын. Тағдырдың жазуымен біз Аманкелді ауданындағы алғашқы халық ағартушыларының бірі Бірмағанбет Қолдасбаев атамның атымен аталады. Мектептің педагогикалық ұжымы өте қабілетті. Олардың арасындағы өзара сыйластық жоғары деңгейде. Мектеп директоры Абай Кәрімұлы Айтмағанбетов ағай осында оқитын әр ұлттың балаларына бірдей жағдай жасауды

ешқашан назарынан шығарған емес.

Мен 6 сыныпта оқимын. Оқуым жаман емес. Достарым көп. Ұстаздар бізге бірлік пен ынтымақ туралы көп айтады. Теледидардан Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бірлік туралы айтатын сөздерін мен жадымда тоқып алдым. Ол кісі барлық жерде сөйлегенде үнемі ұлттар бірлігін, сыйластығын бірінші орынға қояды. Қазақстан Халықтары Ассамблеясы осы мақсаттан туғанын жақсы білеміз. қазір бұл Ассамблеясының тәжірибесін көптеген шет мемлекеттер де өздерінің өміріне жаратуда.

Аманкелді селосы менің туған жерім. Мен осында өмірге келдім. Алуан ұлттың балаларымен бірге өсіп келемін. Қазақ тілін білемін. Ол біздің мемлекеттік тіліміз. Сонымен қатар грузин және орыс тілдерін де білемін. Көп тіл білген жақсы екен. Мен бұдан пайда

мерекесі - өте маңызды мереке. Оның жайма-шуақ мамыр айында аталып өтетіні өте жақсы. Сондықтан мен елімізде ынтымақ-бірлік одан әрі дами берсін, барлық ұлттың өкілдері бір ата мен бір ананың баласындай тату-тәтті сыйластық өмір кешсін! - деп тілеймін. Бала тілегі - қабыл деген ғой. Осы тілегімнің қабыл болғанына сенемін.

Қазақ елі күні кеше ғана өзінің Президентін зор ұйымшылдықпен сайлап алды. Мен және менің достарым осы сайлаудың барысын теледидардан тамашалап, интернеттен де таныстық. Қазақстан халқы сайлауға өздері ғана емес, шет елдерде жоғары баға беруде.

Демек, халық қалаған башы - Нұрсұлтан атамның мемлекетімізді көркейту үшін бұрынғыдан да зор еңбек етеді деп үміттенеміз. Ол кісінің жұмысына табыс тілейміз.

Заира Валерикқызы ПИЛЕЕВА,

Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің 6 сынып оқушысы.

Суреттерде: (солдан оңға қарай) Заира Валерикқызы және әкесі Валерий Пилеев, Заира достарының ортасында.

ЕЛ ҚОРҒАҒАН БАБАМ

1941 жылы неміс фашистері 22 маусымда елімізге тұтқиылдан соғыс ашқанда менің бабам Сәндібек Көктөбетов ойланбастан Отанын қорғауға аттанады. Қасиетті жеріміз бен бейбіт жатқан елімізді жаудан қорғау жолында ерліктің небір тамаша үлгісін көрсетеді. Атам есімі елге белгілі қарамаң Көктөбет деген кісінің баласы. 1905 жылы туған. Атамнан Сәбитбек деген бір ұл, Сәбира, Сабираш деген екі қыз қалған. Бабам жау қолынан қаза тапқан. Әжеміз Тәжбен Нысанбайқызы бабамыз соғыста қайтыс болған соң үш баласын өзі тәрбиелеп, ешкімнен кем қылмай өсіреді. Үшеуін де үйлендіріп, немерелерін көріп, 85 жасқа келіп, өмірден өткен. Қазіргі күні осы балаларынан 27 немере, 70 шөбере, 26 шөпшек өсіп-өнді.

1941 жылы 36 жасында соғысқа аттанып, Қыыр Шығыста 8-інші атты әскер дивизиясында лейтенант болған бабамыз 1944 жылдың 26 шілдесі күні ұрыста қаза тапқан. Люблин облысы, Франкино селосында жерленген.

Соғыстың аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Бұл – үлкен мереке. Енді біздің елімізде соғыс болмасын. Әке мен ана ұлдарынан айырылмасын! Әлемде тыныштық, бейбітшілік болсын. Бүгін мен Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында барлық соғыста қаза тапқан және кейін бейбіт еңбекте табысқа жеткен ата-бабаларымыздың рухтарының алдында тағзым етемін.

Суретте: Ұлы Отан соғысында шаһит кешкен Сәбитбек Көктөбетұлы.

Темірлан Сәлімжанұлы СӘБИТБЕК,

шөбересі,

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің 6 сынып оқушысы.



ӘБДІБЕК АТА - ЕЛ ЕСІНДЕ

Биылғы 2015 жыл айтулы күндерге толы. Сондай айтулы күндердің бірі - Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Осыдан 70 жыл бұрын Ұлы Жеңіске қол жеткізу үшін қаншама отандастарымыз майданға аттанып, жалынды жастық шақтарын Отанын қорғау жолында өткізді. Майдан даласында жер құшып, ерлікпен қаза тапқандары қаншама?! Сонымен қатар, ерлікпен елін қорғап, елге аман-есен оралған майдангерлер де бар.

Өзім туып-өскен Амантоғай ауылынан да қаншама аға – апаларымыз майданға аттанған. Мен Амантоғай ауылынан Ұлы Отан соғысына қатысқан ер-азаматтардың бірі Әбдіқадыров Әбдібек атамның жайлы айтқым келеді.

Ол кісі Қостанай облысы, Аманкелді ауданының Тасты ауылында 1924 жылы туған. Аудан орталығында орта мектепте оқып жүргенде 1941 жылы соғыс басталып, Қызыл Армия қатарына алынады. Әскери дайындықтан өтіп, Украина майданындағы 383 атқыштар, соңынан 896 атқыштар полкі құрамында соғысады. Венгрия, Австрия, Чехославакия жерлерін немістерден азат етуге қатысады. Соғыста екі рет жараланып, госпитальда емделіп, соғысқа қайта кіріседі. Майдангер елге оралған соң Амантоғай созхозында есепші, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Жданов атындағы колхоздың басқармасы, Жангелдин атындағы колхоздың басқарма орынбасары, кейін совхоздар құрылғанда бөлімше меңгерушісі болып, зейнеткерлікке шыққанша жұмыс істейді. «Ерлігі үшін», «1941-1945 жылдарындағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Тың жерлерді игергені үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған. Ол кісі 1974 жылы 11 қарашада қайтыс болған. Артында қалған ұрпақтары - 2 қыз, 1 ұлы бар.

Үлкен қызы Төлеу апа, екінші қызы Сабилә апа, ұлы Мұратбек. Төлеу апа мен Мұратбек аға осы Амантоғай ауылының тұрғындары. 2-ші қызы Сабилә апа Астана қаласында тұрады. Барлығы да өсіп-өнген жандар, өнегелі отбасылар.

Әбдібек атаның немересі Әбдібеков Жасұлан бүгінде Астана қаласында әскери қызметте.

Әбдібек атаның туған қарындасы Өсінә Әбдіқадырова. Ол кісінің жолдасы соғыстан оралмаған. Өзі соғыс жылдары Ақтөбе қаласында заводта жұмыс істеген.

Әбдібек атаның өмірлік серігі Алтын апа - тыл ардагері. Ол кісі 1928 жылы 5 қаңтарда дүниеге келген. Бүгінде балалары мен немерелерінің ортасында ақ жаулықты әже атанып отыр.

Міне, осындай аға-апаларымыздың ерлігінің арқасында Жеңіс туы желбіреді. Майдангерлердің ерлік істері ешқашан ұмытылмайды.

Аида ЕРҒАЗИНА,
Амантоғай жалпы білім беретін орта мектебінің 8 сынып оқушысы.

Суретте: соғыс және еңбек ардагері, ел ағасы Әбдібек ӘБДІҚАДЫРҰЛЫ.

ДОСТЫҚ ӘНІ - БІРЛІК ӘНІ БОЛДЫ



Жақында «Қаламқас» балабақшасында 1 мамыр - ынтымақ, бірлік, достық мерекесіне орай «Достық әні» атты балабақшаішілік іс-шара өткізілді. Ондағы мақсат: балаларды патриотизмге, елін жерін сүйуге және халқын құрметтеуге, басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлауға тәрбиелеу. Мерекелік ертеңгілікті «Айгөлек» тобының бүлдіршіндері «Достық» биімен ашты. Ертеңгілікте балалар орыс, ағылшын тілдерінде ән мен тапқақтар айтып, өзге ұлттың билерін биледі. Бүлдіршіндер әр ұлттың киімдерін киіп, мерекелік шағын шеру ұйымдастырды. Ертеңгілік «Әр қашан күн сөнбесін» әнімен аяқталды.

Балабақша меңгерушісі Гүлім Гивазқы-зы балаларды, ата-аналарды мерекемен құттықтады.

Ш.АБЕНОВА,
«Қаламқас» балабақшасының



ПОДПОЛКОВНИК АСҚАР ЖҰМАНОВ

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ХАС БАТЫРЛАРДЫҢ БІРІ



ұғу қиын емес деп ойлаймын. Ол өмір бойы әскери адамға тән қалыпта болды.

Атам өте адал кісі болған. Ол кісі туралы қазіргі Үрпек, Байғабыл және Ақсай ауылдық округтерінің көнекөз қариялары жиі айтады. Мысалы, Үрпек ауылының тұрғыны, еңбек ардагері Қоңқыш Төлекбаев деген атақты механизатор болған ағамыз:

- Біздің Үрпекте талай адам партком хатшысы болды. Солардың ішінде Асқар Жұмановтай таза кісіні көрмедім. Бұл кісі өзге хатшылардай емес, бір қой керек болса, соның ақшасын төлеп, қвитанциясын алып, тіркеп қояды. Өз бетімен барып, малшылардан бір бас қойды бас салып алып кеткен кісі емес. Тәртіпті қатаң ұстады. Біреулер оны бас пайдасын ойламайтын кісі дейді. Ол дұрыс емес. Ол парторг болып, бұл коммунистерге үлгі болды. Одан совхоз директорлары мен бөлімше басқарушылары қарадай қорқып жүретін. Олар Асекеңе «соятын қойды ақшасын төлемей-ақ тегін ала бермейсіз бе?» дейтін. Сонда Асекең «Алла сақтасын, мемлекеттің мүлкін алуға болмайды ғой. Маған ондай әрекеттің керегі жоқ» - дейтін. Ал біз, қарапайым механизаторлар Асекеңнің осы қасиетіне қарадай риза болушы едік, - дейді.

Шынында да атам шындықты сүйген әрі соны ұстанған әділ адам болған. Сол тазалығы оны ауданымыздың бетке ұстайтын азаматтарының қатарына жеткізді. Қандай қызметте болсын талапшылығымен, әділдігімен көпке өнеге болған. Біз, ұрпақтары ағамызды әрдайым мақтан тұтамыз. Қолымыздан келгенше ағамыздай азамат болып, туған ауданымызды көркейтуге өз үлесімізді қосқымыз келеді.

Асқар атам әжеміз Ұлтуған екеуі 7 ұл, 1 қызды тәрбиелеп өсіріп, көп балалы үлгілі отбасы атанған. Қазіргі күні ағамыздың қарашыңарында біздің әкеміз Мейрам мен анамыз Ләззат отыр. Өмір қызық қой, қазақтың салт-дәстүріне келсек қарашыңарда біздің ата-анамыз емес, Сәбит ағамыз отыруы керек еді. Бірақ ол елден ерте кетіп қалды, атам мен әжемді әке-шешеміз аялап бақты. Бүгінде ағамыздың 27 немересі, 33 шөбересі бар. Құдай берді деген осы емес пе! Біз Аманкелді ауданының ардақты абыз ақсақалдарының бірі болған үлкен-үлкен жауапты қызметтер атқарған, соғыс және еңбек ардагері подполковник Асқар Жұмановтың ұрпағы болғанымызды әрдайым мақтан етеміз. Ағамыз бізге және біздің балаларымызға да, одан кейінгі ұрпақтарымызға да үлгі-өнеге болып тұра бермек.

Біз үшін 9 мамыр мерекесі – ерекше мереке! Өйткені біз майдангердің ұрпағымыз. Осы күні ағамызды еске алып, оның рухына дұға оқып, жақсылық тілейміз.

Ерлан Мирамұлы ЖҰМАНОВ,
немересі, Аманкелді орта мектебінің мұғалімі.
Суретте: Отан соғысының ардагері, подполковник Асқар ЖҰМАНОВ.

Бүгінде еліміз Жеңістің 70 жылдығын кең көлемде атап өтуге әзірленіп жатыр. Оның жоғары деңгейде өтетініне сенім мол. Өйткені қазір ауданымызда да осы 70 жылдыққа байланысты көптеген іс-шаралар өтуде. Аудандық «АА» газетінің бетінде соғыс ардагерлерінің суреттерінің жарияланып, өмірбаяндарының берілуі – қуанышты оқиға болып тұр. Қазір біз осы суреттерді қарап, аталарымыздың ерліктерімен танысудамыз. Әрине, біз баламыз. Мектепте оқимыз. Бізге Ұлы Отан соғысы туралы, оған қатысқан аталарымыз туралы әрбір дерек қымбат. Жасаңған жауды командирлер емес, қалың әскер жеңеді. Ежелден осылай, бұрынғы батырлар туралы дастандарды оқығанымызда бойымызды патриоттық сезім билейтін. Мына аталарымыз туралы ойлағанымызда да өте жақсы әсерде болып жүрміз.

Менің атам Қабжәлел Досбергеноұлы - 1915 жылы ауданымыздың Қабырға ауылында дүниеге келген. Қабырға - біздің бабамыз Қошқар батырдың ұрпағы. Атам сол Қошқар батырдың ұрпағы. Ол майданда 4 жыл соғысты. 1941 жылы алғашқылардың бірі болып өзі тіленіп, Отан соғысына аттанып, 1945 жылы неміс фашистері тізе бүккеннен кейін елге оралды. Елге келген соң қарап отырған жоқ, бір отар қой бақты. Атам Қабжәлел Досбергеноұлы – үлкен жүректі, батыр мінезді, жаны жайсаң, ақкөңіл адам болған. Бойында қайрат-күші де тасындап тұрған.

Соғыста жүрген кезінде немістердің қолына бірнеше рет түсіп қалып, өзінің батырлығы мен ержүректігінің арқасында олардың қолынан қашып шығып, өз әскеріне тіл алып келген. Бір жолы немістер ағамды қамап алып, қарцерге отырғызған. Сонда ағамыз 7 күн бойы нәр татпай отырған. Оның қолға түскенін сезген қарулас жолдастары іздеп келіп, әлсіреп отырған жерінен алып шыққан.

Ал енді бірде елге «атам қайтыс

Атақты шопан Қабжәлел ДОСБЕРГЕНОВТИҢ туғанына 100 жыл

АТАМ - МАЙДАНГЕР, ӘЖЕМ - ТЫЛГЕР



болды» деген хабар жеткен. Елге қара қағаз да келген. Ауылдағы туыс-туған оның қазасын аза тұтқан. «Өлмегенге - өлі балық» дегендей жараланып жатқан ағамды Украинаның бір кемпірі тауып алып, 1 ай бойы өзі емдеп жазған. Жазылған соң қайтадан соғысқа қатысқан. Бұл жолы да ол барлаушылық қызмет атқарған. Қасында Мағзам деген татар жолдасы болған. Немістер тіл алуға келген оларды тағы да ұстап алып, тұтқындаған. Поезға отырғызып, ішкі Германияға алып кетіп бара жатқанда татар досы екеуі «Босада өлеміз ғой. Одан да жау қолынан қаза таппай, бір амал жасайық» деп жүйткіп бара жатқан поездан секіріп түскен. Содан екеуі бір-біріне серік болып, әлденеше күн жүріп, совет армиясына келіп қосылған. Арада бір жеті өткенде Совет әскері немістерді дүркірете қуып берген. Командирлер татар досы екеуін әбден тексеріп, сөздерінің өтірік-шынын анықтаған. Атам досы екеуі қайта майданға



алға жылжыған. Жеңісті Берлинде қарсы алған. Осы жағдайларға қарап отырып, мен өзім ағамның Совет Одағының Батыр атағын алмасадан үлкен батыр болғанын білдім. Тұтқында болу оңай емес екені белгілі. Атам немістердің жазасының бәріне шыдаған. Сыр бермеген.

Соғыс аяқталған соң атам елге оралған. Жолай келе жатып, өзінен кейінгі туған қарындасы Ақлима Досбергеноваға немістердің үйлерінен алған жібек матаны беліне орап алып келіп, табыстаған. Атам бейбіт еңбекте де аз ерлік көрсеткен жоқ. Ол Крупская атындағы совхоздың мандайалды шопаны болды. Одан бұрын тракторист, бригадир болды. Шопандық еңбегі еленіп, 1985 жылы «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды. Ал әжем Ақпаршын Досбергенова болса – «Ардақты ана» және «Алтын алқа» атақтарының иегері. 86

жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Атам екеуі 8 баланы тәрбиелеп өсірді. Олардың қатарынан кем болмауына қолдарынан келген барлық жағдайды жасады. Әжем бала кезімізде бізге ертегілер айтып беретін. Сонымен қатар ағамыздың ерліктері туралы да әңгімелер шертуші еді. Ағамның үлкен ұлы Шөптібай Қабжәлелов – есімі Торғай өңіріне белгілі балуандардың бірі. Кезінде өз салмағында талай балуанды тізе бүктірген күш иесі. Одан кейінгі Катия тәтем – Крупская атындағы совхозда ол жабылғанша кадр бөлімінің меңгерушісі болып қызмет жасады. Бүгінде аудан орталығында тұрады, зейнеткер,

еңбек ардагері, балалы-шағалы. Ал Қатима тәтеміз ауданымызда бірқатар жауапты қызметтер істеген қайраткер қыздарының бірі. Совхоздарда бастауыш партия ұйымының хатшысы, кәсіподақ комитетінің төрағасы, комсомол ұйымының хатшысы болды. Кеңес үкіметі құлаған соң тәтем өзінің ұстаздық жолын жалғады. Қазіргі күні Аманкелді орта мектебінде жемісті жұмыс жасап жүр.

Ал Еркеш әкем - аудандық ішкі істер бөлімінде жемісті қызмет жасап, зейнеткерлікке шықты. Бірқатар ауылдық округтерде учаскелік полицей болды. Қызметінде абырой аркалап, құрметке бөленді. Өз әкем Еркін - Қабжәлел ағамның жолын жалғап, туған ауылымыз Алакөлде шаруа қожалығын құрып, мал өсірумен айналысуда.

Атам Қабжәлел мен әжем Ақпаршынның балаларының қай-қайсысы болсын өмірден өз орындарын алған. Олардың бәрі бізге үлгі. Ағамның немерелері, біздер де олардың жақсы дәстүрін одан әрі жалғаймыз деген сенімденім.

Егер атам тірі болғанда Жеңістің 70 жылдығымен бірге біз оның 100 жылдық торқалы тойын атап өктен болар едік. Бірақ, екіншісі бірі 100-ге келе бермейді ғой. Сонда да біз, ұрпақтары ағамызды Жеңістің 70 жылдық тойымен қатар ағамыздың 100 жылдығында рухына тағзым етеміз, дұға бағыштаймыз. Өйткені атам біз үшін – хас батыр, ақылшы адам болған. Әжемізді де солай құрметтейміз.

Бүгінде Қабжәлел әулеті - өсіп-өнген бір қауым жұрт. Алланың бұл бергеніне әжеміз сияқты біз де әрдайым шүкірлік етіп отырамыз. Ағалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Ұрпақтан ұрпаққа жалғаса береді.

Сымбат Еркінқызы ҚАБЖӘЛЕЛОВА,
Аманкелді орта мектебінің 8 сынып оқушысы.
Суреттерде: соғыс және еңбек ардагері Қабжәлел Досбергенов және оның зайыбы Ақпаршын Досбергеновтің балалары Шөптібай мен Еркіннің ортасында тұрған сәт.
Суреттерді түсірген Қасымбек Әмірбекұлы.

Амангелді ауданының әкімдігі
ҚАУЛЫ (ЖОБА)

Амангелді селосы № «__»_____2015 жыл

«2015 жылға өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы»

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 – бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Респуликасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 51 – бабы 3-тармағының 3) тармақшасына Сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Амангелді ауданының аумағында егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орын-басары Т. Т. Карбозовқа жүктелсін.
3 .Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 15 мамырдан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі: Ж. Таукенов

Әкімдіктің 2015 жылғы«__»_____№____қаулысына қосымша

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойын-ша Амангелді ауданының аумағында егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуы
1	Дәнді дақылдар (жаздық)	2015 жылғы 15 мамырдан 5 маусымға дейін
2	Майлы дақылдар	2015 жылғы 15 мамырдан 30 мамырға дейін

Акимат Амангельдинского района
ПОСТАНОВЛЕНИЕ (ПРОЕКТ)

с. Амангельды № «__»_____2015 жыл

Об определении оптимальных сроков начала и завершения посевных работ по видам продукции растениеводства, подлежащим обязательному страхованию в растениеводстве на 2015 год

В соответствии с подпунктом 5) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 3) пункта 3 статьи 5 Закона Рес-публике Казахстан от 10 марта 2004 года «Об обязательном страховании в растениеводстве» акимат Амангельдинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:
1. Определить оптимальные сроки начала и завершения посе-вных работ на территории Амангельдинского района по видам продукции растениеводства, подлежащим обязатель-ному страхованию в растениеводстве согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления воз-ложить на заместителя акима района Карбозова Т. Т.
3. Настоящее постановление вводится в действие после дня его первого официального опубликования и распространяет-ся на отношения, возникшие с 15 мая 2015 года.

Аким района: Ж. Таукенов

Приложение к постановлению акимата от «__»_____№____

Оптимальные сроки начала и завершения посевных работ на территории Амангельдинского района по видам продукции растениеводства, подлежащим обязательному страхованию в растениеводстве

№	Вид продукции растениеводства	Начало и завершение посевных работ
1	Зерновые (яровые)	С 15 мая по 5 июня 2015 года
2	Масличные	С 15 мая по 30 мая 2015 года

Жемқорлық - індет, онымен күресу міндет

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН
КҮРЕС - БІЗГЕ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты аландататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық бұл мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ, соларға теңестірілгендердің лауазымдық қызметін және соған бай-ланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдала-нуы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты, бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алу.

Мұндай құқықтық актілердің қатарына 1998 жылғы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңды, Жемқорлықпен күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қосуға болады. 2005 жылы мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі бекітілді. Ал 2007 жылдың 12 қаңтарында «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заң қабылданды.

Бұл заңнамалық актілердің мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты кұқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ, оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сы-байлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілеу, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік сапала-рына қойылатын талаптарды арттыру.

Сонымен қатар, олар демократиялық негіздері, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін ны-ғайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай төмендететіні, қоғамда демократиялық оң өзгерістерді жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық ба-стауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді. Сыбайлас жемқорлықтан аулақ болайық,ағайын.

Б.МОЛДАШОВ,
Қарасу ауылдық округінің әкімі

«Таласта шындық туындайды»

Жемқорлық жастардың көзімен қалай? осы сұраққа жақында облыстың дебат қозғалысының белсенділері өздері жауап беруге ты-рысты. Өткен демалыс күндері Қостанай облысының А.Байтұрсынов атындағы мемлекеттік университеті үлкен диалогтық аймаққа айнал-ды. Дебаттық турнирде облыстың түпкір-түпкірінен жиналған жастар жалғыз ғана сұраққа жауап беруге тырысты - қазақстандық қоғамға жемқорлық қаншалықты қауіпті?

Әрине, атап өткен тақырып бойынша ойлар бөлініп кетті, себебі облыстан жиналаған командалардың саны аз болған жоқ, турнирге 32 топты құраған, 80-ге тарта дебатшылар қатысып, салмақты дөйек келтіріп, әрқайсысы өз ұстанымын айтты. Ал ол дәйектердің шын мәнінде қаншалықты салыстырмалы екендігін 16 адамнан құралған жергілікті қазылар алқасы шешті.

Облыстық «Білімді ұрпақ – ел болашағы» дебаттық турнир қазақша, орысша-екі лигадан тұрды, бірақ тақырып барлығына бірдей болды. Әрбір топ максималды ашылып, «Үкімет», «Оппозиция» рөлдеріне енді. Университет кабинеттерінде талас-тартыс бір минутқа да тоқтамады.

Облыстық дебаттық турнирді өткізу бастамасы Қостанай облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Департаментінің басшылығымен ұсынылды. Турнирдің мақсаты- жас ұрпақта өз халқына деген ма-хаббат пен патриоттық сезімді қалыптастыру, әрбір қатысушыда жемқорлыққа, оның қандай да бір көрінісіне жол бермеуге шақыры. Турнир парламенттік дебаттар аналогы бойынша өтті.

Департамент басшысы Данияр Үсенов «Таласта шындық туындай-ды. Бүгін біз дебаттық қозғалыстың дамып, жас ұрпаққа өмірде тура ұстаным тандауға қолғабыс етіп отырғанын көріп отырмыз. Турнир-лер біздің облыстың талантты жас ұрпақтарын ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің жастарын жинайтын игі дәстүр болып қалатынына сенемін» деп атап өтті.

Департамент бастамасын облыстың өзге де ұйымдары мен қоғам-дық бірлестіктері жалғастыра түсті: мемлекеттік қызметкерлердің облыстық Қостанай облыстық кәсіподақ Кеңесі, банк мекемелері, қоғамдық қызмет көрсету сапалары, «ГРН» қоғамдық бірлестігі, аймақтық мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығы және қоғамдық тамақтану, мемлекеттік банктік кәсіподақтары.

Топтар турнирдің барлық кезеңдерін лайықты өткендігіне қарамастан, ақтық мәреде тек мықтылары қалды. Ақтық бағалиялар аяқталған соң, қатысушылар ресми бөлім- жабылу рәсіміне өтті. Ма-рапаттау 5 номинация бойынша өтті, ол дәстүрлі 1, 2 және 3 орын-дар. «Үздік спикер» және «Үздік судья». Ақтық ойындардан кейін қазылар алқасы шешім шығарды- жеңіске Қостанай мемлекеттік университетінің студенттері қол жеткізді.

Турнир жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар, кубоктар мен грамо-таларды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Қостанай облысындағы Тәртіптік кеңес хатшылығының меңгерушісі Асхат Ис-кендинов өзі табыс етті. Өзінің қорытынды сөзінде қатысушыларға қызықты ойын үшін алғыс айтып, барлығына табыс пен жеңіс тіледі.

Қостанай облысы бойынша КРМҚІСЖҚК Агенттігі Департаментінің жемқорлыққа қарсы сауаттандыру және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасау бөлімі Тел: 8(7142)914-262

«ҮНДЕМЕЙ ҚАЛУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАЙТ»

Қостанайлық аймақтық мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығында кезекті жоба жұмыстарын қорғау өтті. Курс тақырыбы мемлкеттік қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық, басқарушылық және жеке құзырларының формасы мен дамуы болды.

Екі жетілік даярлау курсына барлық аймақтардан 50-ге тар-та мамандар қатысты. Олардың әрқайсысы оқу шеңберінде алған білімдерін өзінің жұмысында максималды түрде қолдануға тырысты. Жұмыстар 9 бағыт бойынша болды. Онда мемлекеттік ұйымдардағы құжат айналымының мемлекеттік тілде жүргізілуіне ерекше көңіл бөлінген. Аталған тақырып курс қатысушылары арасында танымал болды, сондықтан оны бірден бірнеше маман таңдап алды. Қорғау барысында мемлекетік қызметкерлер мемлкеттік мекемедегі мемлекеттік тілді жетілдіру бойынша көкейтесті сұрақтар мен ұсыныстарды атап өтті. Комиссия ұсыныстар жасап, нәтежиесінде аталған жұмыстар Қостанай облысы әкімі аппаратының басшысына және облыстық тілдерді дамыту басқармасына жолданатын болады.

Танымал тақырыптардың бірі «Жастардың өміріндегі діннің орны». Әрбір сөз сөйлеуші өскелең ұрпақты дінге тәрбиелеуге қапысты өз көзқарасын айтты. Комиссия мүшелері біз бүгін жастар-ды қалай тәрбиелесек, барлық мемлекеттің болашағы соған байла-нысты болады деп, аталған жұмыстарды «аса басымды» санатқа жатқызды. Аталған тақырыптағы жұмыстарды егжей-тегжейлі та-нысу үшін облыстық дін басқармасына жолдауды ұсынды.

КАКОВ ОН, КОНТРОЛЬ НАД КАЧЕСТВОМ ОКАЗАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ?

Известно, что любое взаимодействие человека с госорганом свя-зано с получением государственных услуг. С этим каждый сталкива-ется практически ежедневно, стоя в очередях поликлиник, ЦОНов, оплачивая налоги и госпошлины, или же в ожидании какой-либо справки. Однако, как проводится контроль качества оказания госу-дарственных услуг, знает далеко не каждый. Сегодня эта функция является одним из основных направлений деятельности Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противо-действию коррупции.

По итогам минувшего года в Костанайской области Департамен-том проведен мониторинг работы госорганов по внутреннему кон-тролю над качеством предоставляемых услуг. Только за истекший 2014 год местными исполнительными органами области оказано бо-лее полутора миллионов государственных услуг. Как показал опыт, наиболее популярной услугой государства оказалась «Запись на прием к врачу», здесь обработано более 500 тысяч заявлений. Кроме того, в разряд наиболее востребованных госуслуг попали такие как: «Вызов врача на дом», «Выдача листа о временной нетрудоспособо-ности медицинской организацией», «Проведение идентификации сельскохозяйственных животных», «Прикрепление к медицинской организации» и «Выдача выписки из медицинской карты стационар-ного больного». Исходя из имеющихся данных, нельзя не заметить, что основная часть наиболее востребованных услуг, приходится на здравоохранение.

К сожалению, здесь не обходится без нарушений. Так, на блог руководителя облздрави поступила жалоба от жительницы города Рудный. Дело в том, что женщина вызвала врача на дом для лечения своего супруга, однако, врачи Рудненской городской поликлиники вызов проигнорировали. По данному факту было проведено служеб-ное расследование. В результате установлено, что участковый врач действительно не обслужила указанного вызов. В объяснительной она сослалась на внезапное ухудшение здоровья. Однако, факт оста-ется фактом, ею не были предприняты меры по исполнению услуги «день в день», как того требует Стандарт услуги «Вызов врача на дом». Данное лицо привлечено к дисциплинарной ответственности в виде замечания. К сожалению, подобные случаи не единичны.

Не менее значимые нарушения по вопросам сроков оказания

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, ӨРЕСІ БИІК ӨНЕРПАЗ ЕДІ

Қолына қару алып жаумен шайқасқан батырларды қашанда халық ұлан байтақ даланы «ақ білектің күшімен, көк найзаның ұшымен» қорғаған «Еңіреген ер еді...» деп ұлағат тұтып, ұрпағына үлгі еткен. Әрбір азаматтың бағы, абырой атағы елге сіңірген еңбектері аркасында келеді. Ұлы тұлғаларды өмірге келтірген қасиетті еліміздің, жеріміздің өз перзентіне, ағайын-туыс, дос-жарандардың ел иілігіне елеулі үлес қосып жүрген асыл азаматқа ел құрметі әрқашанда мол. Менің атам да білікті басшы, ізгілігі мол адал дос болумен бірге өнегелі әке, сүйікті жар, мейірімді ата болу бақытына ие болған жан. Өмірі мен өнегесі шығармашылық жұмысыма арқау болып отырған атамның тұғырлы өр тұлғасын, өрнекті өнер жолындағы өмірін менде жарқырата көрсетуді өзімнің перзенттік парызым деп білемін. Өнегелі ауылдың өнер мақтанышы болған атамның есімі де, өнері де ұрпақтан-ұрпаққа жетер өмірлі болмақ. Мен атам туралы, атамның азды-көпті өмірі, өнері жайлы қалың қара орман халқына, өскелен ұрпағына осылай жеткізуді жөн санадым.

Өнер дегеніміз - үлкен айдын, көп нұсқалы өмір. Атам өмірде де, өнерде де, лайықты ғұмыр кешіп, өз сый-қадірін жоғалтпады. Өнер адамы сан қилы, сан түрлі, сан мінез-құлықты, сан деңгейлі келеді дейді. Әр өнер адамы



өнерде де, өмірде де толыққанды тыныс-тіршілік етсе: өзін, өнерін жарасыммен алып жүрсе, мазмұнды ғұмыр кешсе – үлкен бақыт.

Өз бақытын тапқан талант өнерден, Шуағына шаттықтың тек бөленген. Қандай бақыт, өлкесінен өнердің, Өмір жолын өнерпаз боп таба алған.

Атам ән айтуды халық әні «Еркем-аймен» бастап, кейіннен халық компози-торлары мен қазақ композиторларының әндерін айтты. Ақын Нұрхан Ахметбековтың термесін, Е.Хасанғалиев, Н.Тілендиев, Ш.Қалдаяковтың жергілікті сазгерлер Айтбай Мұздаханов пен Қалибек Дерібсалдиндердің әндерін нәшіне келтіріп орындайтын. Әуесқой композитор әрі ағасы Жұмағали

Өмірбековтың «Неткен сүйіктен», Ходенов Мұхтар атаның сөзіне жазылған «Ауылым Амантоғай» әндерімен әр өнер сүйер қауымның жүрегінде қалды. «Нағыз бақ, еңбекке бітеді, өмір үйретіп, данышпан етеді» - деп Киікбай би айтқандай, атам адал еңбегінің жемісін көрген кісі. Атам 1987 жылы «Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің» лауреаты медалімен, сонымен қатар әр жылдарда облыстық мәдениет басқармасының және аудан әкімінің, аудандық мәдениет бөлімінің грамоталарымен, сондай-ақ 2013 жылы Қазақстан Республикасының «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Әр жылдарда атамның еңбегі жайында аудандық және облыстық мерзімдік баспасөз беттерінде жазылған.

Думандатып жүретұғын маңайын, Дүбірлеткен елдің өнер сарайын... Болмыстың заңы азба, жазылмаған, Жүректерде сақтаулы ғой, ата, бағаң...

Атам қазір бұл өмірде жоқ болғанымен артында өнерпаз ұрпақтары қалды. Атам Жаңбырбай, әжем Қырмызы екеуі 3 ұл, 3 қыз өсіріп, келін мен күйеу бала, немерелер мен жиендер тәрбиелеп отырған аяулы әке, ардақты ата еді.

Ботагөз ӘМІРҒАЗИНА,
**Амантоғай жал-
ны білім беретін орта мектебінің
9 сынып оқушысы**

АЯҚТАЛМАҒАН ЕСТЕЛІК



окоптағы солдаттар мен офицерлерге 19 ноябрьге шабуылға шығуға приказ келді.

18 ноябрь. Түн. Волга – ескі ана, жалпақ өзен. Ағынды өзен суының түбінде оттар жанып жатқандай болып, аспаннан самолеттен тасталған ракеталар оты самғап көрінеді. Көп гүріл. «Катюша» Волганың арғы бетінен отты әуенін жиілете түсті.

... Кенеттен дүрілдеген мотор даусы естілді. Әр 50-80 метрге бір танк. Совет танкісі.

... Жау шебі. Артиллерия добы мен бомбының астында осылай таң азаннан жау шебіне шабуылға көтерілдік. Мен ПТО взводының командирімін. Бір тонна орудияны солдаттар хластик киіп ілгері сүйреді. Тапсырма: Жаудың ату нүктелерін құрту. Алға – Алға! Шаршаған солдаттар. Ыза-кекке толы, денелерін көтеріп: «Я, өлу! Я, тірілу!» Отан үшін! Партия үшін!-деп алға көтерілді...

Днепр соғысында Советтер Одағының батыр атағын алған орудия командирі Н.Быков – зор денелі, апсағай жас жігіт, өз орудия есебімен алға ұмтылды. Алдына белгіленген ориентир бойынша жау нүктелерін атқылап жатыр. Жаудың күшін тегүріндегеннен кейін ғана шегінді. - Москва түбінен кейінгі жеңіс осылай басталып еді...»

Әкемнің жүрегінен туған «Отан алдындағы антым» деген өлеңінде:

**Өмір мен өлім тартыс таласында,
Қан майдан Сталинград қаласында.
Мұз төсең, қар жастанып, жалын жұтып,
Жүргенде оқ пен оттың арасында**

– деп жазып кеткен қымбатты әкем Көбенов Әбдірахман Сталинград түбінен Совет-Польша шекарасына (Волгадан Бугаға) дейінгі қан майданға қатынасып, II-дәрежелі Отан соғысының, «Қызыл жұлдыз» ордендерімен «За отвагу», «За оборону Сталинграда», «За победу над Германией», соғыстан кейін «Столетие В.И.Ленина», «50-летие СА», «20-летие Победы», «30-летие Победы» медальдарымен марапатталған. Аға буынның Ұлы Отан соғысындағы ерен ерлігі мәңгі өшпейді.

Мен әкемді мақтан етем. Әкемнің «Халкым бейбіт өмір кешіп, келешек ұрпақ соғыс көрмей, бақытты өмір сүрсе екен!», -деп жазып кеткен тілегі орындалса екен деймін.

**Соғыс және еңбек ардагері
Көбенов Әбдірахманның
мұрасатынан естелікті жазып
оқырманға ұсынушы қызы Ғалия
ӘБДІРАХМАНҚЫЗЫ**

ЕСКЕ АЛУ

Асыл жар, аяулы әке, немерелеріне мейірімді, қамқор ата бола білген **Жеңіс БЕКЕТҰЛЫНЫҢ** өмірден озғанына 1 жыл болды. Әкеміздің дархан да жарқын бейнесін, жайдары мінезін әрдайым есте сақтап, мына өлең жолдарын арнаймыз.



**Қадірінді жүргеннен сон ел біліп,
Сен кеткенде ағыл-тегіл келді жұрт.
Қазақ сенің қара тастай жаныштап,
Қойды бізді шерменделі, шерлі ғып.**

**Өзің жоқсың қараймыз тек бейнеңе,
Жаутаң-жаутаң жетім көңіл телміріп.
Қош-қош әке, қонбегенде қайтеміз,
Бұл жалғанның баянсызын енді ұғып.**

Еске алушылар: жары Күлназия, балалары, немерелері.

Әкеміздің жылдық асы 10 мамыр 2015 жылы сағат 11-де «ЕЛДАР» тойханасында беріледі. Жылдық асқа барлық ағайын-туыс, ілік-жекжат, көрші-көлемді шақырамыз.

ЕСКЕ АЛУ

Әкеміз **Искаков Болат ЫСҚАҚҰЛЫНЫҢ** өмірден озғанына 10 мамырда 1 жыл толады. Адал жар, ардақты әкеміз тыл және еңбек ардагері, еліне елеулі еңбек еткен асыл жан еді. Әкемізді сағынышпен еске алып, рухына Алладан медет, пайғамбардан шапағат тілейміз.



**Әкетайым, асылым, асқарым-ай,
Өте шықты бұл өмір қасқағымда-ай.
Сендей әке лайықты деп көруші ем,
Жер қойнына сұм ажал тастадың-ай.**

**Бір жыл өтті сен жоқсын арамызда,
Сен едің ғой қамқоршы панамызда.
Аңқылдаған ақкөңіл, жайдарлым-ай,
Сағынумен жүр сені анамыз да.**

**Асқар таудай ақиық қамқоршы едің,
Біздер үшін төгілген мандай терің.
Бір Алладан ендігі тілеріміз,
Жайлы болсын, әкетай, жатқан жерің!**

Еске алушылар: жұбайы: Базар, балалары мен немерелері, шөберелері, күйеу балалары, келіндері, жиендері.

Әкеміздің жылдық Асы 10 мамырда Қарасу ауылы «Самал» кафесінде сағат 12-де беріледі.

ЕСКЕ АЛУ

Аяулы анамыз **Елікбаева Айткүл АЯШҚЫЗЫНЫҢ** дүниеден озғанына 11 мамыр күні 1 жыл толып отыр. Балаларының қызығын көре алмай, өмірден ерте кеткен, әкемізге адал жар, балаларына қамқор ана бола білген, туған-туысқа қадірлі анамызды сағынышпен еске алып, жатқан жері жайлы, жайы рахатта болсын деп дұға етеміз.



**Қара тасқа қашалғанда есімің,
Алла дедім, жұмақ ашсын есігің.
Сендей ана лайықты деп көруші ек,
Тербеп жүрсе немеренің бесігің.**

**Анажан, әкемізбен шаңыраққа болдың пана,
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не, жоқсың бүгін ортамызда,
Сағындық ана, сізді баршамыз да.**

Еске алушылар: жұбайы: Құрманғазы, балалары: Данияр-Гүлмира, Днана, Бақтияр, Есімғазы, немересі: Аяна, аға-женгелері, апа-жезделері, сіңілі-күйеубалалары.

Анамыз Айткүл АЯШҚЫЗЫНЫҢ жылдық Асы 11 мамыр күні «Өтей» тойханасында сағат 12-де беріледі.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Қолдасбаев орта мектебін 2001-2002 жылдарда бітірген Бекужина Асель Булатовнаға берілген ОБ №0648757 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

**Ұлағатты ұстаз, айтыскер-ақын
Көбенов Әбдірахман 1936 жылдан
бастап 1977 жылға дейін Байғабыл,
Шақпақ, Степняк, Қарашатөбе,
Ленин атындағы мектеп-интер-
натта мұғалім болып қызмет
атқарып, облыс, аудан көлемінде
өткізілген айтыс додаларына
қатысқан. Аудандық, облыстық,
республикалық ақпарат беттеріне
өлең-жырлары, мақалалары
жарияланған әкемнің арман-
тілектері өте көп еді... Төменде
әкемнің аяқталмаған естелігін ұсынып
отырмын.**

ШАБУЫЛҒА БҮЙРЫҚ

**Сұрапыл керім соғыстан,
Адамдық арды сақтадым.
Жауменен жауша айқасып,
Ішінде ойнап оқтардың,
Ортасында жасынның,
Найзағай болып атылдым.**

Автор

...1940 жылдың октябрь айында Аманкелді селосынан 72 жас жігіт Совет Армиясы қатарына алынып, бір ай жолда жүріп, Моңғол Халық Республикасының Жапониямен шекарасындағы әйгілі Халхенгол жанына барып орналастық. Бұлардың арасында бізден ересектеу, қапсағай бойлы, ортадан сұңғақ Сарқантай Досмағанбетов, орта бойлы, жеңіл жүрісті, сапырмай сөйлейтін Алпысбай Тұрсынов, шағын денесі күле сөйлеген келбетіне лайық, қобызшы Қазыбек Әбенев, қошқар тұмсық сары жігіт, қазір сұлу мұртты сары шал Әуезбек Тұрғалиев және тағы басқа жігіттер сол жерде бір жыл тұрдық.

1941 жыл. Ұлы Отан соғысы басталды. Ауылдан келген жігіттер бір-бірімізден бөлек-бөлек кеттік. Мені 1942 жылы январь айында Сталинград қаласының түбіне, әскери училищеге әкелді. Онда алты ай оқыдық. Мұны бітіріп, июль айында кіші лейтенант званиясын алып, майданға аттанатын күнді күттік!

1941 жылғы Москва түбіндегі жеңілісінен кейін, 1942 жылдың жазында фашист командованиясі Совет халқын құл етуді мақсат еткен жоспарын жүзеге асыру үшін, жаңа соғыс – стратегиялық жоспар бойынша шабуылға шыққан.

Ондағысы: Батыстан шығысқа қарай жаңа шабуылға шығу. Отанымыздың жүрегі – Москва мен, Революция бесігі – Ленинградты тікелей шабуыл жасап ала алмайтынын білген жау, Отанның оңтүстігіне қарай мұнайлы Кавказға, астықты – Донға, Оңтүстігі ме Солтүстігін байланыстырып тұрған Волга бойындағы тарихи қала – Сталинградты жаулап алып, Уралға шығу жоспарын жасаған. Сөйтіп Сталинградқа жау августтың аяғында келіп қалды. Сталинград үшін шайқас – Отан үшін, Отанның өмірі үшін шайқасқа айналды. Әрбір үйдің кенересіне бормен: «Сталинград үшін

шайқас – Совет халқының өмірі үшін шайқас», - деп жазылған. Сталинград шешуші майдан болып, өлім мен өмір үшін айқас алаңы, қанды алаңға айналды. Сталинград трактор заводы, Стальгест, Консерв заводтары – жау қаланың осы үш бағытына штурм жасауды бастады. Жау Харьковтен шығып Дон-Ростовты, бүкіл Дон саласын алып, барлық техниканы көкпен жерге қаптатып Сталинград қаласына ең таңдаулы деген дивизияларын төкті.

Бүкіл Европаны дерлік жаулап алып, елдерін қайғы мен қасіретке малындырған Фаульстың армиясы алшандай басып қалаға күні-түні шабуыл жасады. Дон мен Волганың арасындағы алғашқы тосқауылдар неміс танкілерін тоқтата алмады. Самолет сағат жетіден бастап 20-30 эшалон болып, сағат тоғызға дейін қаланы бомбылап, сағат тоғыздан бастап қап-қара болып, қаптап танкілерімен жаяу әскері келе жатады.

Қаланың үйлерінің әр тасы мен әр кірпішін паналаған қорғаныс шебіндегілер ПТР (противо танковое ружье) мылтығын, гранат-бөтелкелерін қамдап, жау танкісін қарсы алуға окопта отырады. Үйдей қап-қара болат бүйі окопке жете бере, атыс өршейді. Уралаған неміс солдаттарын, фланговийдан атқан «Максим» пулеметі оларды орақша жапырып, жер жастандырады.

Окоптан бірісі өте, бірісі жете алмай қара бүйілер (танкілер) жана бастап, оның ішінде снарядтар атылады. Майдан шебі қара түтін, қызыл от, құздың суық күнін майдан шебі қайнатып жіберді...

19 ноябрь, 1942 жылдың сұрапыл күні. Аспан менен жерде ұштасқан сұрапыл соғыс техникасын меңгеріп, аяғымен таптауға келген жаудың тұңғыш рет тұмсығын қанға бөктірген күн.

Сталинград майданы. Совет Армиясының тұңғыш шабуылы. Бұрын жауды атуға кейде оқ таусылып, танкіге қарсы күреске гранаталар түгесіліп талай қиыншылықты көзімен өткерген



МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

Әділ САМАТОВ,
аудандық мәслихат хатшысы

Құрметті жерлестер!

Сіздерді ауданымызда тұратын барша ұлттар мен ұлыстардың өкілдерін еліміздегі айтулы мерекелердің бірі – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бәріміздің басты арманымыз баянды бірлік пен келісіммен өмір сүру. Осынау мақсат-мүдделердің ойдағыдай жүзеге асуын ең алдымен әрбіріміздің қажырлы еңбегіміз бен өзара түсініктігімізге, ішкі тұрақтылығымыз бен пайымды парасаттылығымызға тікелей байланысты. Бүгінде Отанымызда тілі мен діни сеніміне қарамастан әрбір ұлт өкілінің салт дәстүрін сақтауға толық жағдай жасалған.

Елімізде Қазақстан халықтарының достығы жарасқаны бүкіл әлемге үлгі. Мемлекетіміздің басшысы Н.Ә.Назарбаевтың ұйымдастыруымен Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылып, қазіргі таңда өз жұмыстарын жалғастыруда.

Берекелі бірлік пен ырысты ынтымақтың мерейлі мерекесі құтты болсын! Бір шанырақтың астындағы аудан халқының достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін! Барша амангелділіктер - Сіздердің бәріңіздің дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін!

24 сәуір күні ауданымызда көктемгі ағаш отырғызу мақсатында жыл сайынғы дәстүрмен «Алтын дала» табиғатты қорғау резерваты мекемесінің қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Саябақтар шеруі» мерекесі өтті. Шеруге ауданымыздың мектеп оқушылары, мұғалімдер, мекеме, кәсіпорындардың қызметкерлері мен басшылары, еңбек ардагерлері, Н.Ә.Назарбаевты қолдау жөніндегі қоғамдық штабтың

Ағаш ек, ағайын!

«САЯБАҚТАР ШЕРУІ – 2015» АКЦИЯСЫ

мүшелері мен ауданның белсенді жастары қатысты. Шеруде аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин, еңбек ардагері, зейнеткер Ғ.Жүнісов, ауылдық округ ардагерлері кеңесінің төрағасы С.Жанділдин, «Алтын дала» табиғатты қорғау резерватының бастығының

орынбасарының міндетін атқарушы С.Нысанбаев Н.Ә.Назарбаевты қолдау жөніндегі аудандық қоғамдық штабтың төрағасы А.Қ.Ташимовтар сөз сөйлеп, бүгінгі мерекелік іс-шараның маңызы туралы айтты. - «Жасымыз келді немесе денсаулығымыз жарамайды» деп үйде қол қуырып отыра алмадым. «Атадан мал қалғанша тал қалсын» дегендей ауданы-

мызды көгалдандыру сауапты әрі жауапты іс қой. Жасым 85-тің сенгіріне келсемде, тал егіп, қолғабыс тигізуді жөн санадым. Ауданымыздың гүлденуіне үлес қосу баршамызға ортақ іс деп білемін. Сондықтан ағаш егу акциясына бар ықыласыммен келіп тұрмын, - деді Ғалымжан Жүнісов.

«Алтын дала» табиғатты қорғау резерватының мекемесі

Қостанай қаласынан кара ағаш, клен көшеттерін арнайы барып алып келген болатын. Жиналғандардың бәрі бір-бір ағашты қолдарына ұстап, «Наурыз» алаңының жанындағы жастар паркінің ішінен қазылған шұңқырларға ағаштар отырғызу жұмыстарына қызу кірісіп кетті.

Суреттерде: ағаш егу акциясынан көріністер.



110200. Меншік иесі: «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді.

Компьютерлік 3 беттен асатын материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 868

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.